

● Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауына қолдау


ДАРХАН САТЫБАЛДЫ ТҮРКІСТАН МЕН САУРАНДАҒЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Түркістан қаласында 110 кВ солтүстік қосалқы станциясы салынып жатыр. Құрылыс толық аяқталғаннан кейін Түркістан қаласының индустриалды аймағында орналасқан шағын және орта бизнес нысандары мен қоса, қаланың «Бекзат», «Бірлік» мөлтек аудандары және жақын маңда орналасқан Сауран ауданының Теке, Нұртас елді мекен тұрғындары, әлеуметтік, шағын бизнес нысандары сапалы, тұрақты электр қуатымен қамтылады. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды бүгін құрылыс алаңында болып, жұмысшылармен кездесті. Жауапты басшыларға құрылысты сапалы жүргізуді тапсырды.

Бүгінде қосалқы станцияның ішкі жұмыстары жүргізілуде. Тура бір жыл бұрын басталған құрылыс жұмыстарын көлер жылдың маусым айында аяқтау жоспарланған. Республикалық және облыстық бюджеттен 6 млрд. теңгеден астам қаражат қаралған.

– Түркістан облысы және осындағы



индустриалды аймақтар үшін электр қуатының маңызы зор. Қуат көздерін арттыру, сапалы электрмен қамту өзекті мәселе болып тұр. Сондықтан бұл станцияның құрылыс уақтылы аяқталуы тиіс. Әлі де мұндай жобаларды көбейту жолын қарастырамыз. Өндірісті, кәсіпкерлікті дамытамыз десек қуат көздері мен инфрақұрылым сақадай-сай болуы тиіс, – деді Дархан Сатыбалды.

Өңір басшысы Сауран ауданындағы жиһаз цехында болды. 200 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған кәсіпорын жылына 2500 дана

жиһаз шығарады. Кәсіпорын жұмысын кеңейту үшін мемлекеттен жеңілдетілген несие алып, жұмыс күші екі есе артпақ.

Сауран ауданы алып құрылыс алаңына айналды. Аудан орталығы Шорнақ елді мекенінен 38 га жер бөлініп, мемлекеттік органдардың 5 әкімшілік ғимараты бой көтерді. Онда аудан әкімі аппараты ғимараты, аумақтық қазыналық мекемесі, прокуратура, сот, аудандық мемлекеттік мекемелерінің ғимараттары және мәдениет үйі орналасады. Бұған республикалық және облыстық бюджеттен қаражат бөлінді.

– Сауран ауданын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуы керек. Әкімшілік ғимараттары мен осы аумақтағы нысандардың сәулеті бір-бірін толықтырып тұруы өзекті мәселе болып тұр. Сондықтан бұл станцияның құрылыс уақтылы аяқталуы тиіс. Әлі де мұндай жобаларды көбейту жолын қарастырамыз. Өндірісті, кәсіпкерлікті дамытамыз десек қуат көздері мен инфрақұрылым сақадай-сай болуы тиіс, – деді Дархан Сатыбалды.

Жергілікті бюджет есебінен 3 мектептің құрылысына 1 млрд. теңге қаралды. Шорнақ ауыл округі, Қосмезгіл елді мекеніндегі 300 орындық мектептің құрылысы аяқталып, биыл пайдалануға беріледі. Білім ұялары Оранғай мен Ибата елді мекенінде салынып жатыр.

Аудан орталығын ауыз су жүйелерімен қамту жұмыстарына Ұлттық қордан қаражат бөлінді. Нысандар жыл қорытындысымен пайдалануға беріледі. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 2 елді мекенде 7 жоба іске асырылуда. Бұдан бөлек Сауран ауданын абаттандыруға, желілік саябақ пен балалар алаңы мен футбол алаңшасын салуға 530 млн. теңге қаралды. Автомобиль жолдары күрделі жөндеуден өтіп жатыр.



ҚАЗҰУ МЕН КАТАР УНИВЕРСИТЕТІ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Астана қаласында өткен Қазақстан-Катар инвестициялық форумы аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Катар университеті Меморандумға қол қойды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың Катар университетінің президенті Хасан Рашид Әл-Дерхаммен кездесуі нәтижесінде екі университет арасында өзара түсіністік туралы келісімге қол жеткізілді.

Университет басшысы өз сөзінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қатарлық жоғары оқу орындарымен араб тілі мен мәдениеті, исламтану саласында маман даярлау, академиялық ықпалдастық және мұнай химиясы, наноматериалдар мен нанотехнологиялар, жаңартылатын энергия және киберқауіпсіздік бойынша тәжірибе алмасуға келе жатқанын атап өтті.

«Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында ҚазҰУ-дың жас ғалымдары ғылыми-зерттеу тәжірибесінен өту үшін Катардың жоғары оқу орындарында болды. Сонымен қатар Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды тарту тәжірибесін белсенді дамыта отырып, біз Катардан келген беделді ғалымдарды дәріс оқуға және PhD докторанттарына ғылыми жетекшілік етуге шақырдық», – дей келе, Жансейіт Түймебаев меморандум өзара тиімді қарым-қатынастарға жаңа серпін беретініне сенім білдірді.

Катар университетінің президенті доктор Хасан Рашид Әл-Дерхам өз кезегінде ұзақ жылдар бойы өзі басқарып келе жатқан университеттің қызметі жайлы айтып берді. 1977 жылы құрылған Катар университеті (QU) – мемлекеттің негізгі жоғары оқу орны саналады. QU көптеген жетекші халықаралық аккредиттеу ұйымдарының мақұлдауын иеленген. Оның құрамында 11 колледж, бакалавриатта 50, магистратура бойынша 47 академиялық бағдарлама бар. Жоғары оқу орнында 23000-нан астам адам білім алады. Өз сөзінде мәртебелі қонақ Катар университетінің бүгінде елдегі академиялық және зерттеу шеберлігінің шамшырағына айналғанын жеткізді. Ол меморандумға қол қою маңызды қадам екенін айтып, өзара ынтымақтастық ауқымы кеңейе түсетінін атап өтті.

Жетекші жоғары оқу орындары арасында қол қойылған меморандум шеңберіндегі ынтымақтастық: ғылыми зерттеулердің нәтижелері, апарат және тәжірибе алмасу, статистикалық деректер, материалдарды жариялау, бірлескен зерттеулер, конференциялар, кеңестер мен тренингтер өткізу және өзге де салаларды қамтиды.

**Р.МАЛИКОВА,
Ш.ӘБДІҚҰЛ,
М.ШАРАПИЕВА.**

ОРДАБАСЫ

АУМАҒЫ КЕҢЕЙІП, КӘСІПОРЫНДАР КӨБЕЙДІ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Ордабасы ауданына іссапары барысында бірқатар кәсіпорынды аралап, жұмысымен танысты. Индустриалды аймақты кеңейту, дамыту жолдарын қарастырып, мамандармен, кәсіпкерлермен кеңесті. Өңір басшысы Ордабасы ауданында өндірісті дамытуға күш салынатынын жеткізді.

– Ордабасы ауданында өндірісті дамытуға мүмкіндік мол. Индустриалды аймақ қолайлы аумақта орналасқан. Біз индустриалды аймақты одан әрі кеңейтіп, кәсіпорындар ашуға күш саламыз. Инфрақұрылым мәселесі толық шешіледі. Инвесторлар мен кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Дархан Сатыбалды.

Бүгінде Ордабасы ауданында «Стандарт Ресурсис» ЖШС-нің мұнай өңдеу зауыты жұмыс істеп тұр. Өндіріс орнының құрылысы 2020 жылы аяқталған. Жұмысының II кезеңін биылғы жылдың екінші жартыжылдығында іске қосқан. Жылына 100 мың тонна шикізат өндіреді. Жоғары маркалы бензиннен бастап, бірнеше өнім шығарылады. 200-ге жуық адам жұмыспен қамтылған. Олардың орташа айлығы 120-150 мың теңгені құрайды. Көмір-химия зауытының әлеуетін мамандар жоғары бағалап отыр.

Өңір басшысы одан кейін полиэтилен бұйымдарын қайта өңдейтін және синтепон талшығын өндіретін «GREEN TECHNOLOGY INDUSTRIES» зауытында болды. Бадам ауылындағы «Бадам» индустриалды аймағында орналасқан зауыттың инвестициялық құны – 6800,0 млн. теңге. Жобаның I кезеңі ПЭТ қалдықтарын тазарту және ұсақтап тұрап флекс өнімін алу жобасы 2018 жылы «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске қосылды. 2018 жылдан бері шығарылып жатқан флекс өнімі Ресей федерациясына экспортталуда. Қос өндіріс орнын аралап көрген Дархан Сатыбалды кәсіпкерлікке қолдау бағытындағы жұмыстар жанданатынын айтты. Индустриалды аймақтың кәріз жүйесін реттеу мәселесі маңызды екенін атап өтті.

Жұмыс сапарында облыс әкіміне «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жоба аясында мемлекеттік грант арқылы қаржыландырылып, кәсіпін ашқан азаматтар мен тауар өндірушілердің көрмесі ұсынылып, жобалар таныстырылды.

Ордабасы ауданында «Бірыңғай индустрияландыру картасы» аясында 2022-2025 жылдары жалпы инвестициялық құны 105,7 млрд. теңге болатын және барлығы 1060 жаңа жұмыс орнын құратын 6 жобаны іске асыру жоспарланған. Биыл 3 жоба іске қосылды. Ал, «Бадам» индустриалды аймағында жалпы құны 21 млрд. 234 млн. теңгені құрайтын 6 жоба орналасқан.

Ауданда өнеркәсіп саласында 9 айда 21 млрд. 190 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 804 млн. теңгеге, ал нақты көлем индексі

0,3%-ға артты. Жыл қорытындысымен межелеген 28 млрд. теңгенің өнімі өндірілмек. Ордабасы ауданына 9 айда 26 млрд. 251 млн. теңге инвестиция тартылды. Бұл алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10 млрд. 955 млн. теңгеге артық. Соның ішінде жеке инвестициялар – 14 млрд. 851 млн. теңге.

Д.САТЫБАЛДЫ: «ОРДАБАСЫ АУДАНЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҚСАРА ТҮСЕДІ»

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сай Ордабасы ауданына барып, тұрғындармен кездесті. Еркін пікір алмасу, өтініштерін тыңдап, сұрақтарына жауап берді. Ордабасы ауданын дамыту бағытындағы жұмыстарды баяндап, жоспарларға тоқталды.

– Аудан, қала тұрғындарымен биылғы кездесуім Ордабасы ауданында түйінделіп отыр. Мегаполиске жақын орналасқан әрі транзиттік әлеуеті жоғары Ордабасы ауданының болашағы жарқын болады деп сенемін. Оған барлық алғышарттар бар. Әсіресе кәсіпкерлік пен индустриалды аймақтарды дамытуға мүмкіндігі мол. Ордабасы ауданының инфрақұрылымы жақсара түседі. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 2022 жылы 18 елді мекенде 22 жоба іске асырылуда. Қызылжар, Көлтоған, Төреарық, Ықылас Темір және Дербес елді мекендерінде 5 фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысына республикалық бюджеттен қаржы қаралды. Құрылысы 2023 жылы аяқталады. 14 елді мекендегі 47,2 шақырым болатын 20 көпір қаржы қаралып, асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде, – деген Дархан Сатыбалды алдымен ең өзекті мәселелер – газ, ауыз су, электр тарту және жол салуға басымдық берілетінін жеткізді.

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы спорттық-мәдени кешеннің құрылысын аяқтау, Шұбар ауылының ішкі көшелерін реттеу, каналдарды жөндеу, ауыз су жүйесін реттеу, медициналық мекеме ашу және өзге де мәселелер көтерілді. Жеке кездесуде де әлеуметтік және жеке түйткілдер тарқатылды. Бірыңғай қабылдауда өңірдегі құқық қорғау органдары мен департамент басшылары да тұрғындардың талап-тілектерін тыңдады. Облыс әкімі әрбір арызшағым, өтініш бойынша жұмыс жүретінін айтып, жауапты басшыларға нақты тапсырмалар берді.

Ордабасы ауданында «Жайлы мектеп» жобасы шеңберінде жаңадан 5 мектептің құрылысы жоспарлануда. Инженерлік-инфрақұрылым жүйесін дамыту үшін ауданда 47 бюджеттік инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Темірлан кентіндегі 70,0 га аумақта инженерлік-коммуникациялық желілер салу құрылысы жүргізіліп жатыр. Бадам ауыл округіндегі индустриалды аймағына және басқа да өндірістік объектілерге инфрақұрылым салу құрылысы қолға алынған. Халықтың табысын арттыру мақсатында

«Түркістан облысы бойынша жұмыспен қамту картасы» бекітіліп, 2022 жылы Ордабасы ауданы бойынша 2 жарым мыңға жуық жұмыс орындарын ашу жоспарланды. Қазіргі таңда 2400-ден астам жаңа жұмыс орны ашылды. «Еңбек» бағыты аясында аудан бойынша 10 айдың қорытындысымен 6 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының «10 мың тұрғынға 100 тұрақты жұмыс орындарын ашу» жөніндегі тапсырмасына сәйкес, ауданның экономикалық белсенді халық санына қарай 611 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып, 1345 жұмыс орны ашылды.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Менің университетім, менің мақтаным

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның ең үздік университеті болып саналады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азия аймағы бойынша QS университеттер тізбегінде 44-орынды, QS Asia University Rankings 2023: Central Asia рейтингінде 1-орынды иеленіп, Орталық Азия университеттері ішінде алдыңғы қатардан көріне білді. Сондай-ақ, рейтингтегі үздік 6 қатарына енді. Сондықтан да университетке жыл сайын өте көп студенттер түседі. Мысалы, осы жылы 7108 жас түлек оқуға қабылданған болатын.

Университет 268 бакалавриат бағдарламасы, магистратура мен докторантураның 16 факультеті бойынша мамандар даярлайды.

Университетте қазіргі заманғы барлық талаптарға жауап беретін, жалпы алаңы 81000 шаршы метрді құрайтын 14 жатақхана және 1 жас ғалымдар үйі бар, онда 6 мыңнан астам студент жастар орналасқан.

Университетте «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы бар. Бұл білім беру, медициналық, заңгерлік, қаржылық және мәдени қызметтер көрсететін студенттерге арналған жастар ресурстық орталығы.

Әл-Фараби Қазақ Ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары квалификациялық экономистер дайындау бойынша Қазақстандағы алғашқы және ірі орталықтардың бірі болып табылады. Бұл факультетте студенттер Экономика, Логистика, Маркетинг, Қаржы, Менеджмент, Есеп және Аудит, Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандықтары бойынша оқиды.

Студенттердің біліктіліктерін арттыру барысында көптеген спикерлермен конференциялар, жобалар өткізіледі. Жақында Көмек, Студенттік кеңес, ОПП, Сұңқар, Жастар рухы ұйымдарының білімді де білікті мүшелерінің қатысуымен «Білгірлер алаңы» атты шағын жоба өтті.

Экономика және бизнес Жоғары мектебінің Исламдық қаржы орталығында Aifir - Исламдық қаржы мамандары қауымдастығының және



қаржы және есеп кафедрасының ПОҚ өкілдерімен кездесу өтті. Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастық талқыланды.

Сонымен қатар, Экономика факультетінде сапалы білім беруден бөлек студенттік өмірді қызықты да пайдалы өткізу үшін көптеген мәдени, интеллектуалды, ойын-сауық іс-шаралар өткізіледі.

ҚазҰУ қалашығында 29.10 күні «Керемет» қызмет көрсету орталығында «Магнум» дүкенінің ашылу салтанаты өткен болатын. ӘЖБЖМ факультетінің студенттері ашылу қарсаңында белсенділік танытты.

Әр жыл сайын жаңадан түскен студенттерге бағыт-бағдар беру мақсатында «Студенттерді қабылдау» іс-шарасы, «Ұлымдар жәрмеңкесі» өткізіледі.

Студенттердің әртүрлі талантары ашу барысында жыл сайын КВН ойындарын, «Miss KazNu», «Ең үздік студент», «Ең үздік студенттік топ» және мерекелерге байланысты көптеген байқаулар жүргізіледі. Жақында студенттер қатысуымен «Farabi Fest» гала концерті өтті. Нәтижесінде Экономика және Бизнес Жоғары Мектебі классикалық ән, заманауи би, дәстүрлі ән номинациялары бойынша бас жүлдені жеңіп алды.

**М.ШАРАПИЕВА,
аға оқытушы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.**

